

"Азаматтардың кейбір санаттарына материалдық көмек ұсыну туралы" 2007 жылғы 17 шілдедегі N 24/388-III шешімге өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2008 жылғы 19 желтоқсандағы N 10/135-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 08 қаңтарда N 2493 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2012 жылғы 03 шілдедегі № 4/63-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2012.07.03 № 4/63-V шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабына сәйкес Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. "Азаматтардың кейбір санаттарына материалдық көмек ұсыну туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2007 жылғы 17 шілдедегі № 24/388-III шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 2452, 2007 жылғы 7 тамыздағы № 94-95 "Дидар", 2007 жылғы 7 тамыздағы № 118 "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған, 2007 жылғы 14 желтоқсандағы № 3/41-IV шешіммен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 2468, 2008 жылғы 17 қаңтардағы № 6 "Дидар", 2008 жылғы 17 қаңтардағы № 7-8 "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1) аталған шешіммен бекітілген Азаматтардың кейбір санаттарына материалдық көмек ұсыну нұсқаулығында:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезінде жаралану, контузия алу, зақымдану, ауруға шалдығу салдарынан қаза тапқан (хабарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары.";

2) 4-тармақтың бірінші бөлігіндегі "1)-3) тармақшаларында" сөздері "1)-3), 8)

тармақшаларында" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның бірінші ресми жарияланған күнінен кейінгі он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қарым-қатынастарға таралады.

Сессия төрағасы

В. ЦХЕ

Шығыс Қазақстан облыстық

мәслихатының хатшысы

В. АХАЕВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК